

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№377

2018 жылғы 1 наурыз

**Облыстық мәслихаттың кезекті
жиырма тоғызыншы сессиясы
жалпы отырысының күн тәртібі
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті жиырма тоғызыншы сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. 2018 жылы атқарылған жұмыстар туралы Ақтөбе облыстық мәслихаты хатшысының есебі туралы.

2. 2018 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы.

Хабарламашы: С.Т.Төленбергенов – облыс әкімінің орынбасары

3. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №347 «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және
бюджеттік жоспарлау басқармасының
басшысы*

4. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №73 «Облыстық бюджет және Ақтөбе қаласы, аудандар бюджеттері арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды келісу туралы.

6. Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №235 «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

7. Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №236 «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелері туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

8. Облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №337 «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелерін арттыру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

9. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 14 тамыздағы №194 «Ақтөбе облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

10. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы №415/328 «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» қаулысына және шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. Ақтөбе қаласының ауылдарын тұрғын үй алаптарына қайта құру туралы.

*Хабарламашы: Ұ.А.Мыңбаев – Ақтөбе қаласы
әкімінің орынбасары*

12. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 22 ақпандағы №248 «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған балабақшаны орналастыру үшін Ақтөбе қаласының Батыс 2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

13. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

14. «Ақтөбе қаласында қалалық жедел шұғыл медициналық көмек станциясын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

*Хабарламашы: Ә.Ә.Қалиев – денсаулық сақтау
басқармасының басшысы*

15. «Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 1300 шаршы метр спорттық үй-жайды жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

16. «Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 1281,5 шаршы метр спорттық үй-жайды жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

Хабарламашы: М.Ж.Махамбетов – дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

17. «Ақбөбек» оңалту орталығының ғимаратын физика-математика мектеп-интернаты етіп жалдау» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

Хабарламашы: Л.А.Оразбаева – білім басқармасының басшысы

18. Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы.

19. Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы №195 «Ақтөбе облыстық мәслихатының Регламенті туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

20. Ақтөбе облыстық мәслихатының Регламенті туралы.

21. Облыс әкімдігінің дербес құрамы туралы.

22. Облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 12 қазандағы №419 «Адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі Аймақтық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

23. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамы туралы.

24. Облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №352 «Ақтөбе облысында құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

25. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №105 «Ақтөбе облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Аймақтық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

26. Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 14 тамыздағы №154 «Ақтөбе облысының терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

27. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 7 тамыздағы №329 «Ақтөбе облысының әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңестің дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

28. Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №48 «Кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

29. Облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №351 «Облыс әкімі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

30. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 18 ақпандағы №395 «Индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі өңірлік Үйлестіру кеңесінің дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

31. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

32. №8 Пацаев сайлау округінен депутат Д.А.Довматенконың депутаттық сауалы туралы.

33. №18 Ключевой сайлау округінен депутат Н.Ш.Сағыналиннің депутаттық сауалы туралы.

34. №21 Қарғалы сайлау округінен депутат Г.Қ.Ерғазинаның депутаттық сауалы туралы.

35. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Т. ЕСЕНҒҰЛОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА